



● АУДАН ТЫНЫСЫ

ЕҢБЕК ПЕН МҮМКІНДІК ЖАЙЫ СӨЗ БОЛДЫ



ЖУЫРДА ОБЛЫС ӘКІМІ НҮРДӘУЛЕТ ҚИЛЫБАЙ ЖҰМЫС САПАРЫМЕН АУДАНҒА КЕЛІП, ӨНІРДЕ ҚЫЗМЕТ ЕТІП ЖАТҚАН ІРІ ӨНДІРІСТІК КӘСІПОРЫН ӨКІЛДЕРІ МЕН АУДАНЫҢ ЖҰМЫССЫЗ АЗАМАТ-ТАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ.

Бұл кездесу бұған дейін аудан тұрғындарымен өткен жиында облыс әкімі берген уәденің жалғасы. Сол жиында Нұрәулет Қиыбай тұрғындарды жұмыспен қамту мәселесін шешу мақсатында жұмыс беруші компаниялармен жеке кездесу ұйымдастырылатынын айтқан болатын.

Жиын барысында кәсіпорындар мен мекемелер өкілдері өз кәсіпорындарындағы бос жұмыс орындары жөнінде мәлімет беріп, жыл соңына дейін

жоспарланған жұмыс орындарының санын баяндады.

Облыс әкімі жұмыссыз азаматтар мен жұмыс берушілер арасындағы байланысты нығайту қажеттігін атап өтіп, ұсынылған бос жұмыс орындарының тиімді әрі әділ бөлінуі маңызды екенін айтты.

– Бұл ауданда осындай форматтағы алғашқы кездесу. Келесі жылдан бастап ірі кәсіпорындар мен мердігер ұйымдар босаған жұмыс орындары туралы мәліметті аудан әкімдігіне тұрақты түрде ұсынуы қажет. Ал аудан әкімдігі тұрғындармен бірлесіп отырып, бос орындарды ашық әрі әділ түрде бөлуі тиіс, – деді Нұрәулет Қиыбай.

Кездесуде қатысушылар өз сауалдарын қойып, ұсыныстарын ортаға салды.

Айта кетейік, облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес, алдағы уақытта өңір тұрғындарын жұмыспен қамту мақсатында әр ауданда орналасқан ірі өндірістік кәсіпорын басшыларымен осындай кездесулер өткізу жоспарланып отыр.

Е.ЖУМАҒҰЛОВА.

АУДАН ӘКІМІ ҒАЛЫМЖАН НИЯЗОВ ЖЫЛДАҒЫ ДӘСТҮР БОЙЫНША ЖҰМЫС САПАРЫМЕН БІРНЕШЕ АУДАНҒА ҚАРАСТЫ АУЫЛДАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ДАМУ БАРЫСЫН ҚАРАДЫ. САПАР БАРЫСЫНДА ТҮРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСІП, ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ.



ӨНІР ӨРКЕНІ – АУЫЛДЫҢ ДАМУЫНДА

Аудан басшысының сапары Сайөтес ауылынан басталды. Мұнда жаңартылған ардагерлер үйі ашылып, тұрғындар игілігіне берілді. Бұрын ардагерлерге арналған арнайы орын болмаған ауылда бұл қадам үлкен қуаныш әкелді. Ескі клуб ғимараты күрделі жөндеуден өтіп, ардагерлердің бас қосып, қоғамдық іс-шаралар өткізуіне арналған жаңа орталыққа айналды.

Жиын барысында тұрғындар ауылды абаттандыру, инфрақұрылымды дамыту, жұмыс орындарын ашу жөнінде өз пікірлерін білдірді.

Сапар кезінде аудан әкімі модульдік ветеринариялық станцияның құрылысын қарап, өрт сөндіру депосы жұмысының барысын тексерді. Сонымен қатар мәдениет үйінде тұрғындарды жеке қабылдап, көтерілген мәселелер бойынша тиісті бөлім басшыларына нақты тапсырмалар берді.

Сол күні әкімнің сапары Жармыш ауылында жалғасты. Мұнда ол күрделі жөндеуден өткен дәрігерлік амбулаторияның жәй күйімен танысты. Осы орайда ауыл тұрғыны Айбек Бекмағанбетов бұл нысанның жөндеудің көптеген күткенін айтып, ауыл тұрғындарының ризашылығын білдірді.

Бұдан бөлек, аудан басшысы Сарқабақ гидротехникалық құрылысы мен модульдік ветеринариялық пункттің құрылыс аумағын көріп, нысандардың сапасына назар аударды. Тұрғындармен кездесуде жұмыспен қамту, интернеттің әлсіздігі, көше жарығы және жол қауіпсіздігі мәселелері көтерілді.

Аудан әкімінің жұмыс сапары бұдан әрі Үштаған ауылында жалғасты. Мұнда ол салынып жатқан өрт сөндіру депосы мен мобильдік ветеринариялық пункт құрылысын қарап, сондай-ақ жөндеу жүргізілген бөбекжай, дәрігерлік амбулатория және спорт кешенінің айналасындағы абаттандыру жұмыстарымен танысты.

Ауыл тұрғындарымен кездесуде жаяу жүргіншілер жолын жөндеу, ескі электр бағандарын ауыстыру, ауданға қатынайтын қоғамдық көлік кестесін қайта қарау, мал суы мен жер бөлу мәселелері талқыланды. Жеке қабылдауда азаматтар жұмысқа орналасу мәселесін көтерді.

Сапар барысында аудан әкімі жауапты бөлімдерге нақты тапсырмалар беріп, дәрігерлік амбулаторияның гараж ғимараты мен жылу қазандығын жөндеу, сондай-ақ ауылға салынатын ойын алаңының орналасуын айқындау бойынша шешім қабылдауды тапсырды.

Келесі бағыт – Онды ауылы болды. Мұнда аудан басшысы ауылға тартылып жатқан жаңа электр қосалқы станциясының құрылысын қарап, мердігер ұйымға жұмысты сапалы әрі мерзімінде аяқтауды ескертті. Сонымен қатар ветеринариялық пункт пен дәрігерлік амбулаторияның жөндеу жұмыстарымен танысты.

Мұндада тұрғындардың талап тілегі тыңдалмай қалмады. Онды және Бекі ауылының тұрғындары спорт мектебін салу, Бекі жолын қоршау, мәдениет үйін кеңейту, кітапхана орнын ауыстыру, ауыз су және аялдама орнату сынды мәселелерді көтерді. Әкім әр мәселеге жеке тоқталып түсіндірме беріп, тиісті мекемелерге тапсырма жүктеді.

Аудан басшысы ауылдарға жасаған сапарлары барысында ауылдардың даму қарқынын бағалап, әлеуметтік және инженерлік нысандардың сапасына ерекше назар аударды. Тұрғындармен ашық диалог орнату арқылы өзекті мәселелерді нақты шешу жолдары қарастырылды.

М.ЖЕБЕКҰЛЫ.

ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ БАРЫСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

АУДАН ӘКІМДІГІНІҢ КІШІ МӘЖІЛІС ЗАЛЫНДА АУДАН ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ ТАЛҒАТ АЛТЫНҒАЛИҰЛЫНЫҢ ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН КЕҢЕЙТІЛГЕН ЖИЫН ӨТТІ. КҮН ТӘРТІБІНДЕ АУДАНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ, АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНДАҒЫ ЖҰМЫСТАР ЖӘНЕ КОММУНАЛДЫҚ НЫСАНДАРДЫ АБАТТАНДЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ҚАРАЛДЫ.

Жиында аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Орынғали Күзембайұлы, аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Рахымжан Сүлейменов және «Маңғыстау жылу су» мекемесінің басшысы Айбек Кесікбаев баяндамалар жасап, атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарлар туралы хабарлама жасады.

Айбек Кесікбаев өз баяндамасында «Маңғыстау мұнайгаз» АҚ тарапынан аудан әкімдігіне сыйға тартылған пайдаланудан шыққан сорғы-компрессорлық құбырларды ауылдық округтерге бөлу және игеру барысына тоқталды. Барлығы 2398 дана (23614 метр)

құбыры алынып, бүгінгі таңда 1616 данасы игерілген. Атап айтқанда, Онды және Жармыш ауылдарында жұмыстар толық орындалған болса, Шетпе, Сай-Өтес, Ақтөбе және Шебір ауылдық округтерінде жұмыстар жалғасуда.

Сонымен қатар, әр ауылдық округ бойынша қосымша қажеттілік те белгіленді. Жалпы сұраныс көлемі 21035 метрді құрайды. Бұл құбырлар негізінен елді мекендер маңындағы қорымдар мен абаттандыру аумақтарын қоршауға бағытталмақ.

Ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Рахымжан Сүлейменов аудан аумағындағы иесіз ұңғыма құдықтарға қатысты жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы

баяндады. Қазіргі таңда барлығы 430 ұңғыма құдық аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің теңгеріміне беріліп, оларды түгіндеу және жерге орналастыру шаралары жүзеге асырылуда деді.

Экономика және қаржы бөлімінің басшысы Орынғали Күзембайұлы аудан бюджетінің орындалу барысына тоқталды. 2025 жылға нақтыланған аудан бюджетінің жалпы шығыстары 12 млрд. 294 млн. 106,9 мың теңгені құрайды. Оның ішінде даму бюджеті – 2 млрд. 981 млн. 251 мың теңге, ал ағымдағы бюджет – 9 млрд. 312 млн. 855,9 мың теңге. Қараша айының басындағы мәлімет бойынша, 8 млрд. 987 млн. 289,3

мың теңге жоспарланып, 8 млрд. 348 млн. 702,9 мың теңге немесе 92,9 пайызы игерілген. Жыл соңына дейін қаражат толық игеріледі деп жоспарлануда.

Жиынды қорытындылаған аудан әкімінің орынбасары Талғат Алтынғалиұлы жауапты бөлім басшыларына жоспарланған жұмыстарды мерзімінде орындауды және игерілмеген қаражаттар бойынша нақты шаралар қабылдауды тапсырды. Сондай-ақ, ауылдық округтердегі абаттандыру және коммуналдық нысандарды қоршау жұмыстарының сапалы әрі уақтылы аяқталуын қадағалау қажеттігін атап өтті.

Е.СЕЛТБАЕВА.



ӨНЕР

АУЫЛДАН БАСТАЛҒАН ӘН – үлкен сахнаның үміті

ҚАЗАҚСТАННЫҢ АТЫН ӘЛЕМГЕ ТАНЫТАТЫН ӨНЕРЛІ ЖАН КЕЙДЕ ЖАРЫҒЫ ЖАНЫП ТҮРҒАН ҮЛКЕН САХНАДАН ЕМЕС, АУЫЛДЫҢ ҚАРАПАЙЫМ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНЕН БАСТАУ АЛАДЫ. ҚЫЗАН АУЫЛЫНДАҒЫ «ЖАС ДӘУРЕН» ВОКАЛДЫ АНСАМБЛІ – СОНЫҢ АЙҚЫН ДӘЛЕЛІ. БҮЛ ШАҒЫН ҒАНА ҰЖЫМДА ҮЛКЕН АР-МАНДЫ АРҚАЛАҒАН, ӘНГЕ ҒАШЫҚ ЖАС ТАЛАНТТАР ӨСІП КЕЛЕДІ. ОЛАРДЫҢ БҮТІНІҒ ҮНІ АУЫЛ АСПАНЫН ТЕРБЕТСЕ, ЕРТЕҢГІ КҮНІ ҚАЗАҚ ӨНЕРІН ӘЛЕМГЕ ТАНЫТАТЫН ДАУЫСТАР БОЛУЫ ӘБДЕН МҮМКІН.

Әрбір елдің рухани байлығы – оның өнері мен мәдениетінде. Өнерге деген таланты бар жас жүректерді қанаттандыратын орта болмаса, талант та туыншығып қалады. «Жас дәурен» ансамблі – балалардың бойындағы сол талпынысты байқап, жалын етіп тұтатып жүрген өнер ордасы. 2004 жылы Қызан мәдениет үйі жанынан құрылған бұл ұжым алғашында бір топ талантты балаға жол ашу мақсатында жұмысын бастаған еді. Бітінде олардың қатары 24-ке жетіп, жаңа мүшелермен толығып отыр. Әр сабақ – әннің әуені ғана емес, сахна мәдениетін меңгерудің мектебі.

Бұл ансамбльде «ән айту» тек дауыс шығару емес, өнерге деген жауапкершілік. Балалар ұлттық әннен бастап заманауи туындыларға дейін орындап, дауыс мәдениетін, топ-пен үйлесімді жұмыс істеуді, сахнаға шығудың әдебін үйренеді. Мұндағы әр жас өнерпаз – қазақ өнерінің ертеңіне деген сенім. Олардың арасында ұялып сахнаға шыққан алғашқы күнін әлі ұмытпайтындары да бар, мыңдаған көрермен алдында еркін ән шырқаймын деп армандайтындары да аз емес. Ұжымның өнер жолындағы әрбір қадамы – еңбектің, ең бастысы өнерге деген құрметтің жемісі.



Ұжым мүшелері Конституцияның 30 жылдығына арналған «Қазақстан – менің жарқын болашағым» атты байқауда үздік деп танылып, I дәрежелі дипломмен марапатталды. Бұл – олардың бойындағы талпыныстың бағаланған сәті ғана емес, ауыл-да жүріп-ақ үлкен деңгейге ұмтылуға болатынын дәлелдеген жеңіс.

Қарапайым ауыл, қара домбырамен айтылған ән, мәдениет үйінің шағын сахнасы – талай таланттың бастауына айналып келеді. «Жас дәурен» ансамблі

дәл осыны айғақтап тұр. Бұл – тек ән үйірмесі емес, өнердің ұясы, арман мен еңбектің жолыққан жері. Кім біледі, бүгін осы сахнада ән салып тұрған шағын ғана өнерпаздардың бірі ертең республикалық байқаулардың жеңімпазы, бәлкім әлем сахнасының жұлдызы болар. Өйткені нағыз өнер – ауылдан басталып, әлемге жол тартқан үн.

Анар ТАНАШОВА,
Қызан ауылы.

ӨНЕР – ҰЛТТЫҢ ТАМЫРЫ, АДАМ ЖАНЫНЫҢ ЕҢ НӘЗІК ПЕРНЕСІН ДӨП БАСАТЫН ҚҰДІРЕТ. АУЫЛДЫҢ ШЫРАҒЫН ЖАҒАТЫН ДА, ЕЛДІҢ РУХЫН БИІКТЕТЕТІН ДЕ – СОЛ ӨНЕР МЕН МӘДЕНИЕТ. ЖУЫРДА ҒАНА АҚШЫМЫРАУ АУЫЛДЫҚ КЛУБЫНДА ӨТКЕН ТАҒЫЛЫМДЫ КЕЗДЕ-СУ ОСЫНЫҢ АЙҒАҒЫ БОЛДЫ.



ӨНЕРМЕН ТОҒЫСҚАН АУЫЛДАР

Өнер адамдарының басқосы да әрдайым ерекше. Себебі бізді біріктіретін ортақ тіл – ән мен күй. Алыстан келген әріптестердің жүзінен де, өзіміздің ауыл өнерпаздарының жүзінен де қуаныш пен шабытты байқадым.

Кездесудің басты мақсаты – тәжірибе алмасу, шығармашылық ізденісті арттыру болатын. Бірақ уақыт өте келе мен бұл шараның мәні әлдеқайда терең екенін ұқтым.

Бұл – тек кәсіби диалог емес, жүректен шыққан әңгіме, рухани үндестікке толы жүздесу еді. Әріптестеріміз өз ауылдарында атқарылып жатқан жұмыстарын, өнерді ауыл өмірімен ұштастырудың жаңа тәсілдерін айтты. Біз де өз тәжірибемізбен бөлістік. Әр сөздің астарында бір мақсат жатты – ауыл руханиыатын көтеру, өнер арқылы бірлік пен мәдениетті нығайту.

Кеш соңында сахнаға қос ауылдың өнерпаздары кезек-кезек шықты. Домбыраның үні, әннің әуені, көрерменнің ықыласы – барлығы бір-бірін толықтырып тұрды. Сол сәтте мен ойладым: өнердің тілі шекара білмейді, ауыл мен ауылды, адам мен адамды біріктіретін ең шынайы көпір осы шығар.

Бұл кездесу біз үшін үлкен тәжірибе болды. Ең бастысы – өнер арқылы достық нығайды, рухымыз жаңарды. Осындай жүздесулер алдағы уақытта да жалғасын тауып, ауыл мәдениетінің дамуына серпін береді деп сенемін. Өнердің күші – бірлікте демекші, өнердің мәні рухты оятуда. Сол рух бүгін біздің ауылда сезілді.

Гүлбақыт СӘДУАҚАСОВА,
Ақшымырау ауылдық клубының
менгерушісінің міндетін атқарушы.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«Самғау карьер» ЖШС Маңғыстау облысының Маңғыстау ауданындағы «Қаратау-2» кен орнында құрылыс тасын өндіруге арналған Тау-кен жұмыстарының жоспарына ықтимал әсерлер туралы есепке қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Өткізу күні 2025 жылғы 17 желтоқсан сағат 15.00-де Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шетпе ауылы, мәдениет үйі мекенжайы бойынша жергілікті уақыт бойынша.

Масштаптаудағы онлайн конференцияға сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/84844860670?pwd=ze0vf3SBL5Kwn7P166bAnFpPk3aWBQ.1>
Конференция идентификаторы: 848 44860670.

Кіру коды: vj5ed5
Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен сайттан танысуға болады <https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings/Edit/29530>

Сараптама жүргізу жөніндегі мемлекеттік орган: Маңғыстау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Самғау карьер» ЖШС БСН 151040021807. Маңғыстау облысы, Ақтау Қ. а., Ақтау Қ., 34-шағын аудан, 2-үй, 197-пәтер.

Ықтимал әсерлер туралы есепті құрастырушы: «ДАЯН-ЭКО» ЖШ.

БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫ:
+77021158199.

ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

ТОО «Самғау карьер» проводит общественные слушания к плану горных работ на добычу строительного камня на месторождении «Қаратау-2» в Мангистауском районе Мангистауской области.

Дата проведения 17 декабря 2025 г. в 15.00 по местному времени по адресу Мангистауская область, Мангистауский район, с. Шетпе, дом культуры.

Ссылка на онлайн-конференцию в зум: <https://us05web.zoom.us/j/84844860670?pwd=ze0vf3SBL5Kwn7P166bAnFpPk3aWBQ.1>

Идентификатор конференции: 848 44860670. **Код доступа:** vj5ed5

Ознакомиться с материалами, выносимыми на общественные слушания можно на сайте <https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings/Edit/29530>

Государственный орган по проведению экспертизы: управление природных ресурсов и регулирования природопользования Мангистауской области.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Самғау карьер» БИН 151040021807

МАНГИСТАУСКАЯ ОБЛАСТЬ, АҚТАУ Г.А., Г.АҚТАУ, 34 микр. дом 2, кв.197 составитель отчета о возможных воздействиях: ИП «ДАЯН-ЭКО»

КОНТАКТНЫЙ ТЕЛЕФОН:
+77021158199.

№484

Саф мұрамызды САҚТАЙЫҚ

Әр халықтың тамыры – оның мәдениеті мен өнерінде. Қай дәуірге көз жүгіртсек те, ұлттың өркениеттік биігін айқындайтын бір өлшем бар ол халықтың қолымен жасаған мұрасы. Қазақ халқының сол бай мұрасының бірі қолөнер.



Бұл өнер тек тұрмысқа қажетті затты жасау емес, жүректен туған әсемдік пен сабырдың мектебі, рух пен мінездің айнасы. Қазақтың ою-өрнегінде де, кесте мен сырмағында да тарих бар. Әжелеріміздің қолынан шыққан әрбір бұйым – ұлттың жадында сақталған үн, өткеннің ізі. Сондықтан да бабадан жеткен бұл өнерді сақтау – болашақ алдындағы парыз.

Жақында Жыңғылды ауылының 95 жылдық мерейтойы аясында өткен «Аңыздай ақиқатын шертеді ауылым, татитын тарихы бар мың жылғыға» атты мерекелік іс-шарада ұйымдастырылған «Сыры мен сыны бөлек» атты қолөнершілер байқауы осы рухты қайта жаңғыртқандай болды.

Бұл байқауға Оңды ауылының атынан қатысқан Қымбат Сатыбалдиева өзінің қолынан шыққан туындыларымен көпшіліктің назарын бірден аударды. Оның жасаған бұйымдарына қараған адам қазақы нақыштың нәзік иісін, ұлттық болмыстың жылуын сезеді. Кестенің әр тігісі мен өрнектің әр пірімінен үлкен еңбек пен сүйіспеншіліктің лебі еседі.

Қымбаттың бұл өнерге келуі де тегін емес. Ол кесте мен өрнекті алғаш үйренгенде жасөспірім еді. Әжесінің жанында отырып, әр өрнектің мәнін, оюдың атауын сұрап өскен. Сол бала күнгі қызығушылық жылдар өте ұлт өнеріне деген адалдыққа айналды.

– Қолөнер – адамды сабырлы болуға, әдемілікті сезіне білуге үйретеді. Әр оюдың, әр түстің өз тарихы, өз тілі бар. Тек соны ұғыну керек, – дейді Қымбат. Бұл сөздің астарында үлкен өмірлік тәжірибе жатыр. Өйткені нағыз өнер – тек көздің жауын алатын көрініс емес, ол адамның ішкі мәдениеті мен рухының көрінісі.

Байқау қорытындысында Қымбат «Ең үздік қолөнерші» аталымымен марапатталды. Бұл тек бір сәттік жетістік емес, ұлт өнеріне адал еңбек пен жүрек жылулығының нәтижесі. Қымбаттың еңбегі кейінгі ұрпаққа үлгі. Ол кесте тігуден ғана шектелмей, ауылдағы жас қыздарға ұлттық өнердің қыр-сырын үйретіп жүр.

Себебі ұлттың болашағы – ұрпағының жүрегіне дән себуде. Ұлттық өнердің қадірі оны қадірлей білуде. Сол қадірді сақтап жүрген Қымбат сынды жандар барда қазақтың саф мұрасы ешқашан жоғалмайды. Өйткені қолөнер – ұлттың жаны, ұлттың үні. Оны сақтай білу – тарихты сақтаудан тең.

Мендігүл ҚАЛИЕВА,
Оңды ауылы.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН

«МАҢҒЫСТАУ-МЕДИА» ЖШС БАСЫЛЫМДАРЫНА ЖАРНАМА, ХАБАРЛАНДЫРУ БЕРУ НЕМЕСЕ АҚПАРАТ АЛУ ҮШІН МЫНА БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНДАРЫНА ҚОҢЫРАУ ШАЛСАҢЫЗ БОЛАДЫ. Ватсап: 87781459093. 8(7292)204842. 8(7292)204834. pr@ogni.kz



АДАМ.ҚОҒАМ.ЗАҢ.

ЕСІРТКІ МЕН ТАБИҒАТҚА ҚОЛ СУҒУ — ЗАҢ МЕН АР АЛДЫНДАҒЫ АУЫР ЖАУАПКЕРШІЛІК. АУДАНЫМЫЗҒА ҚАРАСТЫ ШАҒЫН ҒАНА АУ-ЫЛДА БІР ЕМЕС, ЕКІ АУЫР ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚ АНЫҚТАЛДЫ. БҮЛ ЖОЛЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ЖЕДЕЛ АҚПАРАТЫ БОЙЫН-ША, АУЫЛ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ БІРІ АСА ІРІ КӨЛЕМДЕ ЕСІРТКІ ЗАТЫН ЗАҢСЫЗ САҚТАП, ТАРАТУМЕН АЙНАЛЫСҚАНЫ БЕЛГІЛІ БОЛДЫ. ТІНТУ КЕЗІНДЕ МАРИХУАНАҒА ҰҚСАС ӨСІМДІК ТЕКТЕС НӘРСЕ ТАБЫЛЫП, АЙҒАҚ РЕТІНДЕ ТӘРКІЛЕНДІ. САРАПТАМА ҚОРЫТЫНДЫСЫ ОНЫҢ ЖАЛПЫ САЛМАҒЫ ҮШ КЕЛІДЕН АСТАМ ЕКЕНІН КӨРСЕТТІ. МҮНДАЙ КӨЛЕМ — ЗАҢ БОЙЫНША АСА ІРІ МӨЛШЕРГЕ ЖАТАДЫ.

КІШКЕНТАЙ АУЫЛДАҒЫ ҮЛКЕН ҚАТЕЛІК



Есірткі – тек адамның ағзасын ғана емес, қоғамның рухани саулығын улайтын қауіпті дерт. Бір адамның тәуелділігі — бір отбасының қасіреті. Сондықтан бұл бағытта жүргізіліп жатқан ал-дын алу мен бақылау жұмыстарының маңызы зор.

Бірақ бұл ауылдағы заң бұзушылық тек осы іспен шектелмеді. Тәртіп сақшыларының тағы бір тексеруі кезінде ҚР «Қызыл кітабына» енген, яғни жойылып кету қаупі бар жануар — киіктің мүйізіне ұқсас 135 дана айғақ зат табылып, тәркіленді. Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының ресми жауабында бір бас еркек киікті заңсыз аулағаны үшін зиян өтеу мөлшері 500 айлық есептік көрсеткішке тең деп көрсетілген. Ал дериваттарын ием-дену жағдайында бұл мөлшердің жартысы есептеледі. Табылған айғақ заттар табиғатқа келген орасан зиянды көрсетіп отыр.

Киік – даланың киесі, табиғаттың тепе-теңдігін сақтаушы қасиетті жануар. Оған қол суғу – табиғат заңына да, адамгершілік қағидасына да қарсы іс. Мемлекет соңғы жылдары киікті қорғауға ерекше назар аударып, заң талаптарын күшейтті.

Қазіргі таңда екі дерек те тиісті органдардың тексеруінде. Арнайы сараптамалар жүргізіліп, іс материалдары бойынша күдіктілер өз жазасын алуда. Кішкентай ғана ауылдан осындай екі ауыр құқықбұзушылықтың анықталуы қоғамға ой салатын жағдай. Есірткіге әуестік пен табиғатты то-нау екеуі де рухани әлсіздіктің көрінісі. Бірі адамның жан дүниесін уласа, екіншісі табиғаттың тепе-теңдігін бұзады.

Занды бұзу текжеке адамның емес, тұтас қоғамның тыныштығына сызат түсіреді. Сондықтан әр азамат өзінің іс-әрекетіне жауапты болуы тиіс. Тәртіп пен сана қатар жәрмесе, ертеңге деген сенім де әлсірейді

М.ЖЕБЕКЫЗЫ.

ӘДІЛЕТТІ БОЛАШАКТЫҢ БАСТАУЫ



СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ – МЕМЛЕКЕТТІҢ ІШКІ ТҮРАҚТЫЛЫҒЫН ШАЙҚАЛТЫП, ХАЛЫҚТЫҢ БИЛІККЕ ДЕГЕН СЕНИМІН АЗАЙТАТЫН, ӘДІЛДІК ПЕН ТЕНДІК ҚАҒИДАТТАРЫН БҰЗАТЫН АСА ҚАУІПТІ ӘЛЕУМЕТТІК ДЕРТ. БҮЛ ҚҰБЫЛЫС ҚОҒАМНЫҢ ДАМУЫНА ЕЛЕУЛІ КЕДЕРГІ КЕЛТІРІП ҚАНА ҚОЙМАЙ, ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНА ЗОР ЗИЯНЫН ТІГІЗЕДІ. ТАРИХТА КӨПТЕГЕН МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ӨРКЕНДЕУІ МЕН ҚҰЛДЫРАУЫНА СЕБЕП БОЛҒАН НЕГІЗГІ ФАКТОРЛАРДЫҢ БІРІ ДЕ – ЖЕМҚОРЛЫҚ ЕКЕНІ БЕЛГІЛІ. СОНДЫҚТАН ДА ОНЫ ТЕК ЗАҢ БҰЗУШЫЛЫҚ РЕТІНДЕ ЕМЕС, ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІККЕ ТӨНГЕН ҚАТЕР РЕТІНДЕ БАҒАЛАУ ҚАЖЕТ.

Жемқорлықтың түп-тамырына үйілсек, ол көбінесе билік өкілдерінің немесе лауазымды тұлғалардың өз өкілеттігін жеке бас мүддесіне пайдала-нуынан туындайды. Мұндай әрекеттер жеке адамның ғана емес, бүкіл қоғамның дамуына нұқсан келтіреді. Себебі паракорлық пен әділетсіздік белең алған жерде заң үстемдігі әлсірейді, ал халық арасында әділдікке деген сенім жоғалады.

Бұл дерттің белең алуына әсер ететін себептер де әртүрлі. Ең әуелі халықтың құқықтық сауаттылығының төмен бо-луы – адамды әділетсіздікке көндіретін факторлардың бірі. Сонымен қатар әлеуметтік теңсіздік жоғары болған жағдайда адамдар арасында «жақсы өмірге жетудің жолы – пара беру немесе заңды айналып өту» деген қате ұстаным қалыптасуы мүмкін. Мұндай көзқарас қоғамның іргесін әлсіретіп, моральдық құндылықтарды жояды.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес –

ұзақ әрі күрделі процесс. Ол ең ал-дымен халықтың санасын өзгерту мен адалдыққа негізделген қоғамдық мәдениетті қалыптастырудан бастала-ды. Әрбір азамат өз құқығы мен міндетін біліп, әділетсіздікке төзбеуге тиіс. Ал мемлекеттік органдардың қызметі ашықтық пен әділдік қағидаттарына сүйенуі қажет.

Қазіргі таңда елімізде электронды үкімет жүйесінің дамуы жемқорлық тәуекелдерін азайтуға мүмкіндік беріп отыр. Мысалы, атқарушылық іс жүргізуді есепке алу электрондық форматта жүзеге асырылып, сот орындаушыларының іс-қимылдары автоматтандырылды. Сондай-ақ бо-рышкер мен өндіріп алушының өз ісінің барысын бақылауына арналған ақпараттық жүйе іске қосылған. Бұл жүйе Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің www.adilet.gov.kz рес-ми сайтында қолжетімді. Тараптар электрондық цифрлық қолтаңба

арқылы атқарушылық іс жүргізудің барысымен танысып, материалда-рын онлайн қарай алады. Мұндай ашықтық пен қолжетімділік – сыбай-лас жемқорлықтың алдын алудың нақты тетігі.

Сонымен қатар қоғамда адалдық пен әділдік құндылықтарын кеңінен на-сихаттау да аса маңызды. Жастарды кішкентайынан паракорлықтың зия-нын түсінуге, әділетті болуға тәрбиелеу – болашақтың кепілі. Жаңа ұрпақтың бойында жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптасқанда ғана әділетті қоғам ор-найды.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу – тек билік пен құқық қорғау органдарының емес, бүкіл қоғамның ортақ ісі. Әр аза-мат өз өмірінде адалдық пен әділдікті ұстанып, паракорлыққа жол бермеу-ге улес қосса, қоғам тазарып, еліміздің болашағы жарқын болмақ.

Т.ҚАНБАЕВА,

Мемлекеттік сот орындаушысы.

Қай дәуірде де адамзаттың ең үлкен байлығы – бала. Ұлттың болашағы, елдің келешегі де сол ұрпақтың тәрбиесіне тікелей байланысты. Бүгінде қоғам дамыған сайын, тәрбиенің жүгі жеңілдемей, керісінше, күрделене түскені байқалады. Ақпарат тасқыны мен интернет еркіндігі баланың мінез-құлқы мен санасына әсер етпей қоймайды.

Бұрын ер балалар арасындағы төбелес жаңалық емес еді, қазір, өкінішке қарай, қыз балалар да сондай әрекеттерге баруда. Жуырда әлеуметтік желі арқылы тараған бейнежаз-бада жасөспірім қыздардың бір-бірімен жаға жыртасып, жұдырықтасқан көрінісі елдің талқасына түсті. Бұл жай ғана жанжал емес, қоғамның айнасы іспеттес көрініс. Қазақтың «қызды қырық үйден тыю» деген тәмсілі ұмытылып бара жатқандай. Бұрымды қыздарымыздың бойынан иба, ұяңдық, сабыр көрінбесе – ертеңгі аналық мейір қайдан табылар?

Тәрбие – үйден басталып, мектепте бекиді. Осы мақсатта Шетпе ауылындағы барлық мектептерде кәмелетке тол-

БАЛА ТӘРБИЕСІ – ҰЛТТЫҢ РУХАНИ КОДЫ

мағандар арасындағы құқықбұзушылықтың, зорлық-зомбылық пен интернет-алаяқтықтың, буллинг пен әлімжеттіктің, сондай-ақ жол қауіпсіздігі мен сабақтан қалмаудың алдын алу бағытында кең ауқымды кездесулер ұйымдастырылды.

Жиында оқушыларға нашақорлықтың зияны, мотокөлік пен автокөлікті басқару ережелері, жол-көлік оқиғаларының салдары туралы бейнематериалдар көрсетіліп, нақты мы-салдармен түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Буллинг пен кибербуллинг жағдайында өзін қалай ұстау керектігі бой-ынша практикалық жаттығулар көрсетілді. Әсіресе, әлеу-меттік желіде орын алатын жанжал, қорқыту және алдау

әрекеттеріне жол бермеу, қажет жағдайда ересек-тер мен құқық қорғау органдарына жетіну қажеттігі баса айтылды.

Кездесуге ауылдық полиция инспекторлары, мектеп инспекторлары мен ұстаздар қатысып, әр-бір баланың қауіпсіздігі – бәрінен биік екенін атап өтті. Балалардың өз ой-пікірлерін ашық айтуына мүмкіндік беріліп, заң бұзушылықтың зардабы түсіндірілді.

Бала тәрбиесі – ұлттың рухани коды. Бүгінгі бала – ертеңгі елтізгінін ұстайтын тұлға. Қай дәуірде болсын, ұл мен қыздың мінез-құлқы, сөйлеу әдебі, үлкенге құрметі мен кішіге ізеті елдің мәдени деңгейін көрсеткен.

Қазір ұят пен ибаға орын азайып бара жатқандай. Сол себепті, ең әуелі, әр үйдің табалдырығында тәрбие оты қайта жағылуы керек. Қыз бала айнадай таза, ұл бала найзасын-дай өткір болсын десек, оларға сөзбен емес, өнегемен үлгі болайық. Ұлттың болашағы мектеп қабырғасынан бастала-ды. Ал әр жүректе ізгілік пен ұят оты сөнбесін.

М.ЕРҒАЛИ.

МҰРАҒЕРЛЕРІН ІЗДЕУ

Нотариус Ауданбаева Г.А. 2025 жылы 4 маусымда қайтыс болған **АГИШЕВ МИННИЯР ЗАКИЕВИЧТІҢ** мұрагерлеріне іздеу салады. Барлық мұрагер-леріне осы хабарлама шыққан күннен бастап бір ай мерзім ішін-де Маңғыстау ауданы, Шетпе селосы, Орталық ш/а , №1-үй, 4-пәтер мекен-жайы бойынша орналасқан нотариус кеңсесіне хабарласуларыңызды сұрайды. Тел: 8 702 303 90 80.

№ 481

МЕНШІК ИЕСІ: MAŃGYSTAÝ MEDIA Директор – Әнуарбек БИМАҒАМБЕТ Қабылдау бөлімі, тел./факс: 20-48-34, mangystau.media@mail.ru	ЖАҢА ӨМІР аудандық қоғамдық-саяси газет Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 6.02.2013 ж. есепке қойылып, №13356-Г куәлігі берілген. Редактор – Айгүл РАХМЕТОВА Тілшілер – Е.ЖҰМАҒҰЛОВА М.ЖЕБЕКЫЗЫ	Газет «Маңғыстау-Медиа» ЖШС Ақпарат және дизайн орталығында беттелді. Беттеуші дизайнерлер – Ш.АЯЗБАЕВА, Э.СЕЙДАХМЕТОВА. «Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. 060005, Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29А. Тел: 8 7122 458-660, 586-392.	■ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есеп-телмейді. ■ Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. ■ Жарнама, хабарландырулар мазмұнына ре-дакция жауап бермейді. ■ Редакцияға жолданған материалдарға ре-цензия жасалмайды және қолжазба авторға қайтарылмайды. ■ Тақырыптық суреттер ғаламтордан алынады. Тапсырыс нөмірі: 1306 Таралымы: 244 Индекс: 65612 Газеттің бағасы келісімді	АЗА РАЙЫ БОЛЖАМЫ 6 қараша, жанбыр түнде: +0 күндіз: +10 7 қараша түнде: +0 күндіз: +12 8 қараша түнде: +3 күндіз: +13 9 қараша түнде: +5 күндіз: +13 10 қараша түнде: +7 күндіз: +15
--	--	---	--	--

Мекен-жайымыз: Маңғыстау ауданы, Шетпе селосы. Тел/факс: 8 (72931) 21860, 21381, e-mail: zhanaomir@mangmedia.kz zhanaomir@bk.ru